

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ СҮЙЕК КОНЦЕПТІСІ

Ыбрайхынова Назерке Ұланқызы

nazykzhan98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті түркітану мамандығының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ш. Амантай

Сүйектің жалпы болмыс-бітімі колөнерде, әдет-ғұрып, халықтық емдеу тәсілдерінде, салт-дәстүрлерде және ұлттық ойындарда даралануы табиғат пен халық (этнос) арасындағы заңдылық деп білеміз. Біз сүйектің этнографиялық мәніне қарап халқымыздың бай дүниетанымын, ілімі мен білгірлігі туралы, ой-санасын, әрі халық шеберлігін аңғарамыз.

«Сүйек» лексемасы - өзі өмір сүретін семантикалық өрістің ішінде интегралды мазмұндас сөздерді ортақ белгілеріне қарап жинақтау қабілетімен қоса, жұмсалымдық қызметі, коммуникативтік қажеттілігі, сондай-ақ дифференциалды мазмұнының арқасында және кешенділік сипатқа ие тірек ұғымы бола алатындықтан, оны жеке концепт ұғым ретінде қарастыруға толық негіз бар.

З.К.Ахметжанованың айтуынша: «заттық концептер тілдік санадағы образдық ассоциативтік байланыс пен бағалауыштық қасиетке ие болып ұлт санасында мағыналық өзгеріске ұшырап түркі халқының рухани болмысын құрайтынын» атап өтеді [1,75].

«Сүйек» концептісінің философиялық мәнін түркі халықтарының ұлттық рухани дүниетанымындағы ру, ата-тек, намыс, түбі бір, ар-ождан, ұят сынды семантикалық мәнге ие сүйектес, сүйек жақын, сарысүйек, сүйек шатыс, сүйегін қорлау, сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді, сүйегіне таңба салу, сүйегі менікі, еті сенікі, сүйек тістеген ит, сүйегі асыл, сүйек тамыр секілді паремиологиялық қор мен архаизмдер, фразеологизмдер, диалектизмдер айғақтайды.

Ұғымдар шектестігі нәтижесінде метонимиялық тәсіл жолымен алынған «сүйек» лексемасы тірек болу, негіз болу, бастапқы, алғашқы сияқты даралаушы семаның негізінде «тұқым, ата-тек, ру» мағыналарын қалыптастырған. А.Қайдардың айтуы бойынша қазақ тіліндегі сүйек-саяқ қос сөздерінің құрамындағы саяқ (sojko//soëo//soëk//sojuo) сөзінің түркі тілдеріндегі даму тарихын зерттей келе, тұлғалық жағынан өзгеру заңдылығына назар қойып, оның сояу сөзімен шығу төркіні бір екендігін көрсетеді. Салыстырар болсақ: бояу- бояқ, сояу-саяқ. Оның пікірінше, сояу>саяқ сөздерінің түп-тамыры сай- (сой-, сүй-) етістігі болуы мүмкін деп жорамалдайды [2,176].

Түркі тілдер жүйесінің ішіндегі түрік тілінде де soy тұлғасы «тек, тұқым» мағынасында жұмсалады екен. Оған ата да soy gerek, ite de, soy asma, soyuna çeker, soya çekmek, soydur çeker, boktur kokaг секілді фразеологиялық тіркестер мысал болады. Бұл дегеніміз бүгінде белгілі бір аймақта ғана қолданысқа ие болған «сүйек» концептісінің тарихи тамырына шолу жасасақ, көнеден келе жатқан түбі бір түркі тілдер дүниесіндегі базалық лексикалық қордан бастау алатынына көз жеткіземіз.

Ал қазіргі қазақ тілінде сой (soj) тұлғасы диалектизм ретінде батыс аймақтарында сақталып, «тек, ру, тұқым» диалектілік мағынасында қолданылып жүр. Мысалы:

– Сүйегің қай ел? - деді келіншек.

– Қарқаралы дуанына қараған арғынмын (І.Жансүгіров).

Орал өңірінде де сүйекті «тұқым, тек» мағынасында қолданып, «шөбереден туған бала, шөпшекті» сүйектес деп атайды екен. Мысалы, Менің сүйектестерімнің бәрі осы колхозда (Орал, Орда).

Сонымен қатар «тек, ру, тұқым» мағынасында жұмсалатын сой атауы тек диалектизм ғана

болып қоймай, ол көнерген сөздерден шығуы мүмкін деген жорамалды академик Р.Сыздық былайша түсіндіреді: «Сой сөзі тек қана жергілікті сөз емес, бұл сөзді қазақ даласының қиыр оңтүстік-шығысынан да таптық. Аяғөз маңында өмір кешкен Дулат Бабатайұлы (XIX ғасырдың орта тұсы): Алал сой мен емес, Пірдің сөзін тұтынған - дейді. Сондай-ақ Абайдың баласы Ақылбайдың «Зұлыс» деген поэмасын- да «Үлбіреген ақ тәнді, көзі көкшіл, Неғылса ол да жақсы адам сойлы» - дейді. Батырлар жырында кездесетін сой атауының төркіні де оғыз-қыпшақ тайпалары аралас өмір сүрген орта ғасырдан келе жатқан сарқыншақтар болуы керек» - дейді [3,227].

Немесе, Бауыр тартқан жүрек қайда? Намыс қызған сүйек қайда? (А.Байтұрсынов. Шығ. жинағы). Мұнда да ұғымдар шектестігінің нәтижесінде ассоциативтік байланысқа түсіп сүйекке жан бітіріп «адам» «тұқым», «ру», «туыс» мағыналарын меңзеп тұр.

Моңғол деректеріне сүйенер болсақ, онда да қолданыс аясы кең сүйек сөзі - отбасы, ру, ұлт сынды туысқандық ұғымдармен тығыз байланыста екенін көре аламыз. Ел арасында осыған орай мынадай мақал тараған – “бөтен елде өз атыңды сақта, ал туған еліңде – сүйегіңді сақта”. Моңғол тіліндегі яс – ‘сүйек’, бұдан басқа ‘ұрпақ’, ‘ұлт’, ‘түп тегі’; цагаан яс – ‘ақ сүйек’, ‘төре’, ямар яс угсатны – ‘қай ру-тайпанықы’ деп те аударылады [4,53].

Түркі әлемінің тағы бір тармағы хакастар жайлы сөз етсек, онда да сеок/сөөк (сүйек) әке жағынан туысқандықты анықтайтындықтан, хакас халқының түсінігінде терең орын алады. Және оның көрінісі адам денесінің тұлға сүйеніші, оның қаңқа сүйегінің құрылымында орын алады: ұл бала – сүйек, әкесінің сүйегінен, ұл бала – тән, анасының тәнінен. Бүгінгі күні де заманауи ғылым – дүниеге келген нәресте ағзасының сүйек құрылысы өз әкесінен дариды деген тұжырымға келіп тұр. Дегенмен, “сеок” терминінің ерте кездегі мағынасына қайта оралып, біраз тереңірек ойға шолынсақ, ол сөздің өзге бір және әлдеқайда кең түсінікте қолданылғанын аңғаруға болады. Егер хакастардың әрбір қандас туыс бөлімшелері бірігіп, ортақ бір сүйекті құрайтын болса, ал өзара бір-біріне туыс болып келетін сеоктар (сүйектер) бірігіп нені құрамақ? Сеок сеокке қосылып тұтастай хакас халқын құрайды. Бұдан шығатын түйін – байырғы заманда ата-бабаларымыз күллі хакас халқын біртұтас адам денесі деп санап, оны құрайтын халық сеоктер дененің сүйегі, қолдары, аяқтары секілді басқа да қозғалмалы буындар деген түсінікті ұстанған. Бұның дәлелі тастарда қашалып жазылған көне хакас руна жазбаларында кездеседі: халық деген сөз “бодун”, яғни “бол”-дене деген түбірден шыққан [5,142].

Кейбір деректерде сеок атауы қауымдас ел-жұрттан әлдеқайда кең мағынада, тіпті рудан да жоғары ұғымда қолданылған, мысалы: Кыргыз, Туба, Ара, Ойрат, т.б. Және олар мүлде туыстық рулар ретінде қабылдана алмайды, себебі өз алдына белгілі бір тайпалардың қалдығы не болмаса бірнеше тайпалардың одақтастығынан құралады [6,246].

Саян-Алтай халықтарының да түсінігі бойынша адам сипаты сүйек және қан арқылы берілетіндіктен, сүйек (сөөк) - адам баласының ең терең , бастапқы болмысы ретінде қарастырылып “ру”, “тұқым” мағыналарымен де қатар қолданылады. Мысалы, екіқабат әйелді “ікі сөөктіг” – екі сүйегі бар, яғни өзінің руымен қатар баланың әкесінің руын арқалаушы деп атаған [7,79].

1860 жылы ғылыми этнографиялық алтайтанудың негізін салушы В.И.Вербицкий мен В.В.Радловтың жасаған ашылымдарында көптеген алтай-саян халықтары өз ішінде “туыстаас ұрпақтарды” бәріне ортақ бір сөзбен “сеок” деп аталғаны көрсетіледі. “Опыт словаря тюркских наречий” атты өзінің еңбегінде Радлов – “сеок” түсінігі телеуіт, алтай, лебедин, шор, сагай, койбал және сойот сынды тілдерде кездесетінін айтып өтеді. Вербицкий мен Радлов бірінші болып сеок сөзіне толық мінездеме беріп, Саян-Алтайдағы этникалық топтардың сеоктік құрылысын көрсетіп қана қоймай, қосымша сеоктің басты белгілерін анықтады, олар: экзогамия, әкеден тарау сызығы (патрилинейность), жергілікті емес (дислокальность), табынушылықтың болуы және “өзіне-өзі тиістілік сезімі”. Атап айтқанда, дәл Вербицкий “сеок” атауын ғылыми термин дәрежесіне көтеріп шығарған [8,9].

Бұл тақырыпта Агаджанов С.Г да сөз қозғап, өзінің Орта Азия оғыздары мен түрікмендері жайлы жазған еңбегінде былай деген: уругтар әрі басқа да оғыздар мен түрікмендік ру-

тайпалар бірігіп барлығы өз алдына жеке “сүйектерді” құрайды. Бұл пікірдің дәлелі ретінде Захир ад-Дина Нашапуридін “сельджукидтердің тегі уруга және кынык сүйегінен шыққан” деген жазбаларын келтіруге болады. Сүйектерге бөліну көптеген Орталық және Орта Азияның түркі-моңғол халықтарында кеңінен етек алған. Әдетте ондай әлеуметтік-тайпалық топтар сонук, сүйек, сеок деген атаулармен аталған. Түркі-моңғол халықтарының арасында аксүйек сүйектер мен қарапайым сүйектер деп бөлінген. Дәл осындай бөліну орта ғасырлық оғыз, түрікмендерде де болғаны әбден мүмкін.

Ескіден қалған қосарлы фратриалды ұйым қалдықтары оғыздарда орын алып, олардың тайпалары да екі үлкен топтардан құралған. Аталған ру, тайпалар фратриялары да өз алдына “таза қандылар”, “еріксіз әйелден (күн) туғандар” және оғыздарға қосылып кеткен түркі тілді “ерушілер” деп ажыратылған. Яғни осыған қарап, оғыздардың ру-тайпалық ұйымы қандас туыстық ұстанымға байланысты негізделмегенін айта аламыз [9,105].

Қазақи салт санада дәстүр және ерекшелікті бұзса не болмаса оғаш қылығымен ел арасында көзге түссе, онда ол жанұясы, туған-туысқаны, айналасы тарапынан шеттетілген, яғни сүйекке таңба салған. Мұндағы «сүйек» деп айтып отырғанымыз #– бір қауым#–рулы елді, бүкіл бір әулетті білідіріп отыр және сол әулеттің абыройына нұқсан тигізу әрекеті айтылып тұр. Бұл көрініс Орта Азия және түркі халықтарының арасында да тараған. Ал керісінше, жауапкершілікті іс тындырып, ел көзіне өзінің қадір қасиетімен, асқан жомарттығымен танылатын кісілерді «сүйегі асыл» деп атаған.

Қорыта келе, жоғарыда келтірілген мысалдардағы «сүйек» лексемасы да семантика теориясындағы метонимиялық тәсіл арқылы, яғни ұғымдар шектестігі негізінде ассоциативтік байланысқа түсіп сүйекке жан бітіріп «адам» «тұқым», «ру», «туыс» мағыналарын меңзеп тұр. Филология ғылымдарының белгілі докторы, үздік зерттеуші Дихан Қамзабекұлының мәліметі бойынша, екі ел өз ара сүйек ұстау арқылы туысатын болған. Осыдан шығып, түркі халықтарының «мифологиялық анатомиясын» зерттеуші ғалымдар олардың бағзы танымында «қандас туыстықтың емес, сүйек жақындықтың басым болғандығын тұжырымдайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметжанова З.К. Лингвокультурная концептология в Казахстане // Восточнославянские языки и литературы в историческом и культурном контекстах: когнитивная лингвистика и концептуальные исследования. Выпуск 13. – Киев, 2012. – 215 с.
2. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966. – 254 с.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы, 2009.
4. MONGOLICA-XIII Сборник научных статей по монголоведению – Санкт-Петербург: Институт восточных рукописей, 2014. – 53с.
5. Кызласов И. Девять поколений – мерило истории./ Игорь КЫЗЛАСОВ.// Сокровища культуры Хакасии./ гл. ред. А.М. Тарунов. – М.: НИИЦентр, 2008. – 512 с. – (Наследие народов Российской Федерации. Вып.10). - С.142-143
6. Потапов Л.П. Происхождение и формирование хакасской народности – Абакан: Хакасское книжное издательство, 1957. – 308с. С. 246
7. Бутанаев В.Я. Бурханизм тюрков Саяно-Алтая. - - Абакан: Издательство Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова, 2003. -260 с. С. 79-80.
8. Батъянов Е.П. Род и община у телеутов в XIX-XX веках. Автореф. Диссерт. на соис. уч. ст. кандидата исторических наук. Москва, 2002.
9. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969.-296 с. С. 105-106: